

**Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 19 наурыздағы № 2-13 " 2012 жылғы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 7-51 шешімі. Ақмола облысы Зеренді ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 22 тамызда № 1-14-187 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 қарашадағы № 196 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 05.11.2014 № 196 хатымен).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 7 бабы 3 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 753 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қаулысына сәйкес, Зеренді ауданының мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

Аудандық мәслихаттың «2012 жылғы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы» 2012 жылғы 19 наурыздағы № 2-13 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-14-178 тіркелген, 2012 жылғы 13 сәуірде «Зеренді» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:

«2012 жылғы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру

үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну т у р а л ы » ;

1 тармақтың 2) тармақшасы жана редакцияда баяндалсын:

«2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау – бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит б о л ы п ұ с ы н ы л с ы н .

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Л.Сантас*

*А у д а н д ы қ*

*м ә с л и х а т т ы ң*

*хатшысы*

*Қ.Ауғалиев*

*«КЕЛІСІЛДІ»*

*Зеренді ауданының әкімі*

*Е.Маржықпаев*